

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Даналық ағашы»





1 алма

**Географиялық
қабықтың құрамдас
бөліктерін ата**





2 алма

***Жер шарындағы ең
алғашқы материкті
атаңыз***





3 алма

*Дүние жүзінде неше
материк бар,
оларды атап
картадан көрсет*





4 алма

**Дүние жүзінде неше
мұхит бар, оларды
атап картадан
көрсет**





5 алма

***Жердің ішкі
құрылымы неден
тұрады***





6 алма

**Жердің ең жұқа әрі
үстіңгі қатты
қабатың ата**





7 алма

***Жер қырттысының
қалыңдығы таулы
аудандарда қанша***





8 алма

**Жер қырттысының
қалыңдығы мұхит
табанында қанша
км құрайды**





9 алма

*Мантия латын
тілінен аударғанда
қандай мағынаны
білдіреді*





10 алма

Жердің кіндігі







11 алма

**Ядро нешеге
бөлінеді және оларға
қысқаша тоқталып
кет**



Топқа бөліну





Сабақтың тақырыбы:

“Жердің заттық құрамы,
тау жыныстары
және пайдалы қазбалар”



Тау жыныстары жер қыртысын құрайтын заттар.

Тау жыныстар *минералдар* жиынтығынан тұрады. Мысалы гранит – дала шпаты, кварц, слюдадан тұрады.

Минерал – химиялық құрамы және физикалық қасиеті жағынан біртектес табиғи дене. Бір минералдан тұратын тау жыныстар: (кальциттен әктас, кварцтан кварц құмы).

Жер шарында минералдардың 3000 түрлері, 1000 тау жыныстары



Мағынаны тану.

Топтық жұмыс (постер қорғау)

Магмалық тау жыныстар тобы: тек қана магмалық тау жыныстарын қорғайды.

Шөгінді тау жыныстар тобы: тек қана шөгінді тау жыныстарын ғана қорғайды.


Метаморфты тау жыныстар тобы: тек қана метаморфты тау жыныстарын ғана қорғайды.



Сергіту сәті

Ал балалар, тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай бұрылып,
Солға қарай бұрылып,
Бір отырып, бір тұрып,
Бой сергітіп алайық.





“Пайдалы қазбалардың қасиетін анықтау” (кестені толтыру)

Пайдалы қазбаның аты	Түсі	Қаттылығы	Суда ерігіштігі	Не үшін пайдаланады
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				

IV. Сабақты бекіту

Тау жыныстарының жіктелуі бойынша берілген тау жыныстарын жүйелеңдер: *гранит, базальт, құм, ас тұзы, көмір, мәрмәр, алмас, саз, гипс, мұнай, гнейс, қиыршық тастар, газ, кварцит, қойтас, әктас, малта тас, бор, фосфорит*

Магмалық жыныстар	Шөгінді жыныстар			Метаморфтық жыныстар
	Органикалық	Химиялық	Кесек	
				

Магмалық жыныстар	Шөгінді жыныстар			Метаморфтық жыныстар
	Органикалық	Химиялық	Кесек	
Гранит Базальт	Көмір Мұнай Газ Бор Әктас	Ас тұзы Фосфорит гипс	Құм Саз Малта тас Қойтас с Қиыршық тас	Мәрмәр Алмас Гнейс кварцит



V.Сабақты қорытындылау

«Сұрақ- жауап» ойыны. Стол үстіне сатылатын заттар қойылады. Заттарды сатып алу үшін оқушылар сұрақтарға жауап беруі керек.



Тау жыныстарының түрлерін ата?

(шөгінді, магмалық, метаморфтық)



Магмалық тау жынысы дегеніміз не?

(магманың мантиядан
жарықтар арқылы жоғары
көтеріліп, қатуынан пайда
болған тау жынысы)



Метаморфтық тау жынысы дегеніміз не?

(жер қыртысының терең
қабаттарында өзгеріске
ұшыраған тау
жыныстары)



Шөгінді тау жынысы дегеніміз не?

(құрлықта немесе су
бассейндерінде шөгетін
материалдан пайда
болатын тау жыныстары)



**Тау жыныстарын
құрайтын заттар не
деп аталады?**

(минералдар)



Тау жыныстары дегеніміз не?

(жер қойнауын толтырып
жатқан табиғи денелер)





Рефлексия.



VI. Үйге тапсырма беру.

§11. “Жердің заттық құрамы,
тау жыныстары
және пайдалы қазбалар ” мазмұндау. Кескін
картаға пайдалы қазбаларды түсіру.

VII.Бағалау

